«САРҚАН АУДАНЫНЫҢ БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ТУРИЗМ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ		**ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ПОДДЕРЖКИ БИЗНЕСА И ТУРИЗМА САРКАНСКОГО РАЙОНА»**
БҰЙРЫҚ		**ПРИКАЗ**
2026 жыл 12 ақпан		№ 8
Сарқан қаласы		**город Саркан**

Мемлекеттік сатып алуды
(Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес
жиһаз өндірісі бойынша жұмыстар)
бір көзден алу тәсілімен
жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабының 5, 6-тармақтарына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 16-баптың 3-тармағының 28-тармақшасында көзделген (Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес жиһаз өндірісі бойынша жұмыстар) сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруды «Қазақстанның Саңыраулар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің «Талдықорған оқу-өндірістік кәсіпорны» мекемесімен қызметтік қажеттілікке байланысты бір көзден жасалсын.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты техникалық қызметкер-есепші Саурықұлы Дастан.

- ҚР Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 16-бабының 6-тармағында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім беруші айқындалсын;
- өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберу;
- шарт жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бекітілген нысан бойынша шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы есепті веб-порталда орналастыру.

3. Шарт жасасу және «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарын сақтау арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алу туралы шешім қабылдау үшін жауапкершілікті өз мойныма жүктеймін.

Негізі: өндірістік қажеттілік

Бөлім басшысының м.а **Ж.Рабигулов**